



Z05K5K8, Астана қаласы,  
Мәңгілік Ел даңғылы 8, 3 қабат  
Тел./Факс: +7 (7172) 79-58-69  
e-mail: info@daryn.kz

Z05K5K8, г. Астана,  
проспект Мангилик Ел 8, 3 этаж  
Тел./Факс: +7 (7172) 79-58-69  
e-mail: info@daryn.kz

14.10.2024 № 892/15-11-04

**Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент  
қалаларының білім басқармаларына**  
**Дарынды балалармен жұмыс жөніндегі**  
**аймақтық ғылыми-практикалық орталықтарына**  
**Республикалық білім беру ұйымдарына**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен, «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы «Роботек» робототехника мектебімен бірлесіп, 2025 жылдың 5-6 мамыр күндері Астана қаласында «**Robotek Grand Tournament**» халықаралық чемпионатын (бұдан әрі – Чемпионат) өткізуді жоспарлап отыр.

**Чемпионаттың мақсаты мен міндеттері:** Робототехника бойынша республикалық және халықаралық чемпионаттарға қатысу үшін облыстың (өңірдің, Республикалық маңызы бар қаланың) ең мықты спортшыларын іріктеу турларында анықтау және құрама командаларын қалыптастыру.

**Чемпионат екі кезеңде өтеді:** 1. Облыстық іріктеу кезеңі (2025 жылдың 1 ақпанына дейін Дарынды балалармен жұмыс жөніндегі аймақтық ғылыми-практикалық орталықтары өткізілуі тиіс); 2. Республикалық кезең (5-6 мамыр 2025 ж.).

Чемпионатқа әр өңірден 7 санаттағы жас аралығы бойынша 7 команда қатысады (1 командада жасына байланысты 2 оқушы болуы керек):

1. Роботек (2012-2016 ж.т.)
2. Инверстік сызық бойымен жарыс (2012-2016 ж.т.)
3. Жеткізуші робот (2012-2016 ж.т.)
4. Мерген (2008-2011 ж.т.)
5. Туды жеткізу (2008-2011 ж.т.)
6. Сұрыптаушы робот (2008-2011 ж.т.)
7. РобоБаскетбол (2008-2016 ж.т.) (біріккен санат)

Чемпионатты өткізу туралы толық ақпаратты және Чемпионаттың Ережесі екі тілде <https://rgt.robotek.kz/> сайтында немесе ресми Telegram-арнасы «Robotek Grand Tournament» ([https://t.me/robotek\\_gt](https://t.me/robotek_gt)) орналасқан.

Чемпионатқа Қазақстанның барлық облыстарынан, Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан және республикалық білім беру ұйымдарынан командалар қатыса алады. Республикалық кезеңге әр облыстан 7 командаға 2 жаттықтырушы ілесіп жүреді.

Қазақстан Республикасының өңірлерінде Чемпионаттың өңірлік іріктеу кезеңдерін дарынды балалармен жұмыс жөніндегі өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталықтар және олардың қаражаты есебінен өткізеді.

Қатысушылар мен жаттықтырушылардың іссапар шығындары (*жатын орны мен тамақтануы, екі жақ жол билеттері*) жіберуші тараптың есебінен төленеді.

Іссапар барысында және чемпионат кезінде оқушылардың өмірі мен қауіпсіздігін камтамас ету жіберуші жақ бекіткен жауапты тұлғаға жүктеледі.

**Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы:** Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 33, 5-қабат. тел. 8 (7172) 25-03-26, e-mail: [astanadaryn@mail.ru](mailto:astanadaryn@mail.ru).  
Астана қаласы, Бейбітшілік 33/1, 7-қабат. тел. 8 (700) 772-28-31, электронды почта: [rgt@robotek.kz](mailto:rgt@robotek.kz).

Директор



**Ғ.Тұрсынов**